

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

По данным Министерства образования и науки РК, в рамках Соглашения о сотрудничестве между МОН РК и МО КНР, в Китай по программам бакалавриата, магистратуры, а также для годичной языковой стажировки отправились в 2010/11 учебном году – 27 человек, в 2011/12 – 34 человека, в 2012/13 – 139 человек. Из них 22 студента обучались в рамках Университета УШОС – новой формы организации высшего образования в странах-членах ШОС. Кроме того, в период 2004-2011 гг. 344 студента отправились учиться в Китай по программе академической мобильности «Болашак». Отметим, что, начиная с 2005 г., число студентов в Китай и в целом страны Юго-Восточной Азии по программе «Болашак» постоянно возрастает, и на 2011 г. в совокупности всех студентов составило 6,9%.

В высших учебных заведениях КНР студенты из Казахстана получают образование по техническим (например, нефтегазодобыча и нефтедобыча, энергетика и машиностроение, строительство и транспорт) и гуманитарным специальностям.

Образовательная миграция может стать дополнительным источником квалифицированной рабочей силы для рынка труда РК, в частности обеспечить квалифицированными кадрами совместные предприятия и нынешние и будущие инфраструктурные проекты КНР на территории Казахстана. Получение профессионального образования в Китае может выступить как фактор улучшения качества рабочей силы в РК, и в целом развития человеческого потенциала посылающей и принимающей страны. Кроме того, миграция студентов выступает фактором развития двусторонних научно-образовательных, социально-культурных, торгово-экономических, гуманитарных связей и, значит, укрепления всестороннего международного сотрудничества между РК и КНР.

Список используемой литературы:

1. Садовская Е. «Китайская миграция в Казахстане» // Демоскоп.- № 629-630.- 9-22 февраля 2015г.
1. К.В.Раубо, А.В.Суворова «Сотрудничество Казахстана в области образования» // Вестник КарГУ

ӘОЖ 24(510)

БҮДДА ДІНІНІҢ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ

Үйкекбай Әсем

abdibekovna_ase@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қытай филологиясы 1 курсы
студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жылқыбекұлы.Б

Буддизм - [санскритше - buddha күнәдан арылған, әулие] - дүниежүзіне кеңінен таралған негізгі 3 діннің бірі. Б.з.б. V-VI ғ. Үндістанның бүгінгі Бихар штатында пайда болды. Буддизмнің негізін салушы Сиддхарт Гаутама деп есептеледі. Буддизм басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңірді және оның негізгі қағидасы жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан, жер жүзіне соғыссыз тарады. Қазіргі кезде Буддизм дінін 1 млрдқа жуық адам ұстанады. Буддалық діни ілім көзқарастардың күрделі жүйесі б. т. Ол діни шығармалар жинағы "Трипитакада" ("Даналардың үш қат қауашағы") баяндалған. Буддизмнің уағыздарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Буддизмде дүниені жаратушы құдай жайындағы идея айтылмайды. Буддизм фәни өмірдің азаптары - ауру, кәрілік, өлімнен құтылу жолын іздейді. Ол өмірдің қасіреті - нәпсінің тілегіне байланысты деді. Адамның денесі уақытша өмір сүреді. Ал нәпсі қанағатсыз қалпымен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәпсінің тілегінен құтылу керек. Буддизм-әлемдік үш діннің ішіндегі ең ежелгісі. Ол б.з.б. VI-Vғ. үнді мәдениетінің көпқасырлық діни-философиялық дәстүрінің негізінде

калыптасты. Буддизмнің негізін қалаушы Солтүстік Үндістанда Гималай тауының етегінде дүниеге келген Сиддхартха Гаутама болды. Негізінен буддизм Непалда, Шри-Ланкада, Мьянмеде, Таиландта, Лаоста, Вьетнамда, Тайванда, Моңғолияда, Оңтүстік Кореяда, Сингапурде, Брунеде, Малайзияда, Индонезияда таралған. 1990 ж. басындағы санаққа қарағанда буддистердің 99,5 % Азияда, қалғандары Америка мен Европада өмір сүреді екен. Әлемде 700 млн. жуық буддистер бар.

Б.з.б. 1 ғ-да Қытайда буддизм діні таралып, төрт ғасыр аралығында толығымен еніп болды. Бастапқыда буддизм қытайлық философиялық дәстүрлі ұстанымдарының қарсылығына тап болды. Буддизмді уағыздаушылар өздерінің қарсыластарымен пікірталас кезінде буддизм ұстанымдарын емес, қытайлық рухани дәстүрдің буддизмдік дәстүрлермен сәйкестігін сөз етті. Олар өз тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдеу үшін Лао-цзы, Конфуций, Чжау-цзыға жүгінді. Буддизм даосизм философиясының табиғилық, әрекетсіздік, барлық заттардың теңдігі туралы идеяларын қабылдап, өз ілімін жетілдірді. Конфуцийшілдік пен даосизм буддизмге қарсы тұрғанымен, оның кейбір элементтерін бойына сіңірді. Даосизм, буддизмнің салт-жоралары мен әдет-ғұрпын қабылдауының нәтижесінде, соңынан балгерлік пен сәуегейліктің бір түріне айналып, философиялық ағым ретінде мәнін жоғалтты. Конфуцийшілдіктің буддизм философиясының идеалистік-рационалистік рухын бойына сіңіруі нәтижесінде неоконфуцийшілдік пайда болды (12 ғ.). Енді біз будда дінінің Қытай еліне ықпалы жайында толығырақ тоқталып көрейік.

Буддизм қытайлықтарға бірден «ең жоғарғы ақиқатты» және моральді өмірдің мызғымас негізін ұсынды. Бұған қоса буддистік идеал қытай даналығының әріптесі ғана емес, тіпті альтернативасы ретінде де болды. Екі мың жыл ішінде бұл шетелдік ілімнің сипаты түбегейлі өзгеріп, қытайланды, бірқатар мүлде жаңа сипаттар мен ерекшеліктерге ие болды. Буддизмге дәстүрлі қытай мәдениеті зор ықпал етсе, буддизмнің өзі де сол мәдениетті Қытайда бұрын-соңды болмаған және дамымаған жаңашылдықтармен таныстырды. Буддизмнің бұл әсері әртүрлі салаларда байқалды. Сірә, буддизмнің ең көрнекі және қомақты үлесі өнер мен архитектура салаларында болды. Көптеген храмдар мен монастырлардың, айбынды храмдық кешендер мен үңгірдегі сарайлардың, сансыз мұнаралардың құрылысы қытай сәулет өнерін көп жағынан әрлендірді. Әсіресе, бұл қазіргі күні де Қытайдың ежелгі архитектурасының анағұрлым белгілі және көз тартатын ескерткіштері болып табылатын мұнаралар мысалында байқалады. Ежелгі үнділерден тараған бұл мұнаралар әдетте төртбұрыш, дөңгелек немесе көпбұрышты құрылымдағы көпқабатты ғимараттар болып келді. Әр қабат буддистік космогониядағы аспандардың біреуін бейнелеуге тиіс болатын. Мұндай мұнаралар шынымен де керемет өзіндік бір өнер туындысы болып табылады.

Бұдан да көп дәрежеде буддизм қытай өнерінің кейпін әрлендірді. Буддизммен бірге Қытайда елде монументті мүсін өнері дамуының негізін қалаған бұған дейін тіпті болмаған мүсіндік иконография кең етек жайды. Осы уақытқа шейін Қытайдың мүсіндік мұрасының басым бөлігі қалай болғанда да буддизммен, оның идеялары, қабырлары, аңыздарымен байланысқан ғимараттар үлесіне тиді. Қытай өнерінің бұл саласында үнді-буддистік ықпал анық аңғарылды (құдайлардың келбеті, олардың тұрыстары мен қол қимылдары, тіпті жануарлардың басым түрі – буддизмдегі ең сүйікті және Қытайдағы беймәлім арыстан), алайда мұнда да дәстүрдің көпғасырлық эволюциясы оның өзгеруіне, қытайлануына септігін тигізді. Бұл қытайланудың нәтижесінде қытай буддистік иконографияда мүсін өнерінің көптеген мәдени ықпалдар мен дәстүрлердің күрделі құрама қоспасы болып табылатын, алайда онымен бір уақытта сөзсіз қытайлық, елдің ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігін құрайтын өзіндік, ең жоғарғы деңгейдегі соны синтетикалық стилі қалыптасты.

Егер Қытайдағы ұлттық мүсін өнерінің пайда болуы мен өрлеуіне буддистік иконография шешуші әсер етсе, бүкіл әлемге әйгілі Сун дәуірінің шеберлері және бұдан кейінгі кезеңдердегі қытайлық пейзаж кескіндемесінің гүлденуінде «Чань» сектасы ең маңызды рөл ойнады. Будда әр жерде және барлық затта – таулардың үндемеуінде, құстардың сайрауында, желден қозғалған жапырақтардың сыбдырында, табиғаттағы басты нәрсе – бұл ұлы шексіз бос кеңістік деген сектаның ілімі кескіндеме шеберлеріне ерекше

әсер етті. Бұлар үшін болашақтың заңдары болмады, өйткені қағазда молынан жайылған таулар олар үшін ешқандай нақты мазмұнға ие болмады, тек қана табиғаттың ұлы алақанын бейнеледі. Тіпті сурет салу үдерісінің өзі мистика мен сиқырға толы болды: суретші сырт қабықтың жамылғысымен жасырылған заттардың ішкі мәнін, рухани әлемін қағып алуға, түсінуге тырысып, ұзақ уақыт селқостықта, көңілсіздікте, үнсіз медитацияда өткізгендей болатын. Қалағанына қол жеткізіп, интуициялық түрткі, нұрға бөленген шабыт алған соң, ол бірде-бір минутын жоғалтпай жұмысына кірісетін. Оның қаламы еркін, шабытпен, белсенді түрде дерлік ойнақтайтын, өйткені шабыт сәттері сирек келеді, ал дәл сол кездерде суретшінің өнері мен шеберлігі тасиды.

Буддизм сонымен қатар қытай мәдениетіндегі тіл, жазу және әдебиеттің кең саласына едәуір әсер етті. Буддизмнің арқасында қытай тіліне көптеген сөздер мен терминдер енгізілді. Ерте орта ғасырдағы қытай транскрипциясында бекітілген ежелгі санскриттік дыбыстар мен буындар бүгінде ғалымдарға қытай фонетикасы эволюциясының кейбір заңдылықтарын ашуға көмектеседі. Буддистік мәтіндер қытай әдебиетінде кейбір жаңа жанрлардың (бяньвэнь) пайда болуында шешуші рөл ойнады. Ақырында дәл буддистік монастырлар қойнауында алғаш рет, мамандар пікірінше, кітап басып шығару өнері, ксилография пайда болды. Буддистік монастырларда ғасырлар бойы еңбекқор монахтардың күшімен аударылып, құрастырылып, көптеп көшірмелер жасалып көбейтіліп отырған, ондаған және жүздеген буддистік сутраларды сақтаған кітапханалар болды. Бұл кітапханалар мен сутралар қоймалары қытайлық буддистік монастырлар тұсында зор мәнге ие болды және әлемдік мәдениет тарихында маңызды рөл ойнады. Қазіргі кезде барлық елдердегі буддистермен жоғары құрметтелетін ежелгі мәтіндердің кейбіреуі біздің заманымызға тек қана қытай аудармаларында жеткенін айта кеткен жөн. 972-983 жж. өзінде-ақ 5048 цзюаньнен тұратын буддистік мәтіндердің толық жинағы, Трипитака («Дацанцзин») басып шағарылды.

Буддизм қытай ғылымына да белгілі үлес қосты. Үнді-буддистік мамандар қытай күнтізбесін жаңартты, астрономия және математикамен шұғылданды. Ақырында буддизм өте көп жаңашылдықты қытай философиясына енгізді. Бір сөзбен, буддизм қытай өркениетін қатты жаңашаландырды, алайда ең ақырғы есепте дәл буддизмнің өзі ең көп өзгеріске, қытайлануға ұшырады. Қытай жерінде басқаларынан гөрі мықтырақ бекіген бағыттары (амидизм және «Чань») ең көп дәрежеде дәл қытайлық болғаны анық. Іс жүзінде бұл 845 ж. буддизмге қарсы басталған шабуылдан кейін көп ұзамай Қытай үшін «халықтық буддизмнің» ең маңызды буддистік идеялары мен институттары жалпы қытайлық діни-синкретикалық жүйеге ептеп енгізілгенінде көрінісін тапты. Буддизм өзінің бұрынғы «мемлекет ішіндегі мемлекет» мәртебесінен айырылды, оның барлық храмдары мен ғибадаттары, діни уағыздаушылары мен монахтары, догматтары мен сутралары жалпы қытайлық идеология мен мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Өзінің егемендігін жоғалтып, буддизм бірден қытайлық мемлекетке, конфуцийлік билікке қандай да бір қауіп төндіруін тоқтатты. Жалпы алғанда, буддизм қоғамдағы өзінің байланыстық функцияларын жүзеге асыру үшін, қытайдың дәстүрлі ұстанымдарымен сіңісіп, қол жетімді дәрежеге ие болды. Бұл, міне, Будда дінінің Қытай мәдениетіне әсерінің жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Васильев Л.С. Культы, религии, традиции в Китае. 2-е изд. – М., 2001. – 356 бет
2. Малявин В.В. Китайская цивилизация. – М., 2003. - 255 бет.
3. Васильев Л.С. Культы, религии, традиции в Китае. 2-е изд. – М, 2001. - 358 бет

УДК 321 (574): 339 (510)

ОСОБЕННОСТИ ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО ТЕКСТА С КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА

ХамзинаАйна